

№56

31 тамыз 2022 жыл


Қарауылкелді ауылы

2022-2023 оқу жылын бастау туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №363 бұйрығы, Ақтөбе облыстық білім басқармасы Байғанин аудандық білім бөлімінің 2022 жылдың 31 тамыздағы №128/1 бұйрығы мен Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 31 тамыз күнгі педагогикалық кеңесінің қаулысын негізге ала отырып, 2021-2022 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Т.Жармағамбетов орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылы санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып басталынсын.
2. Сабақ кестесі ата-аналар комитетінің келісімі арқылы мектеп директорының бекіткен формасында өткізілсін.
3. Сабақ қоңырау кестесі №76 бұйрыққа сәйкес берілген санитарлық талаптарды ескере отырып жасалынған кестемен 45 минуттық ұзақтықпен екі ауысымда өткізілсін.
4. Оқу процесінің білім стандартына және санитарлық талаптарға сай жүргізілуін қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Қозыбайұлына міндеттелсін.
5. Оқушылар мен қызметкерлердің сабақ барысында белгіленген тәртіппен санитарлық талаптарға сай жүруін, мектепке келу-кету, үзіліс кезінде қозғалысын қадағалау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Әлжановқа және медбике З.Қалиеваға жүктелсін.
6. Сынып кабинеттерін және барлық жайларды желдетіп отыру қажет жағдайда кварцтау және дезинфекцияға арналған антисептикалық ерітінділермен сүртілуін ұйымдастыру директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары К.Сақтағановқа және оны бақылау медбике З.Қалиеваға тапсырылсын.
7. Егер оқушы мен қызметкерде қандай да болмасын ауру белгісі байқалған жағдайда ол оқушы не қызметкер тез арада оқшауландырылсын. Оқушыны онлайн негізде оқыту жүзеге асырылсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуы өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры



А.Тлеулина.